

"Надеждинское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитутты белгілеу туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 175 қаулысы

Казақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабына, 69-бабына, 71-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, 2019 жылғы 01 қазандағы № 327-ЕЛ қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған лицензиясының негізінде, Қамысты ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Надеждинское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жер участесіне қауымдық сервитут белгіленсін және Қостанай облысы, Қамысты ауданы, Қамысты ауылдық округі, Қамысты ауылы (елді мекеннің шегінен тыс) аумағында орналасқан жалпы алаңы 854,7274 гектар жер участесіне 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін шектеулі мақсатты пайдалану құқығы берілсін.

2. "Қамысты ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қамысты ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қамысты ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

F. Бекмұхамедов